**"Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің мемлекеттік сатып алу веб-порталымен интеграцияланған дерекқорына енгізілген отандық тауар өндірушілерден сатып алу туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 693 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 112 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 ақпанда № 26723 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің мемлекеттік сатып алу веб-порталымен интеграцияланған дерекқорына енгізілген отандық тауар өндірушілерден сатып алу туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 693 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12734 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік сатып алу есептілігін жинау, қорыту және талдау қағидаларын, оның ішінде мемлекеттік сатып алу есептілігін қалыптастыру тәртібін бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сатып алу есептілігін жинау, қорыту және талдау қағидалары, оның ішінде мемлекеттік сатып алу есептілігін қалыптастыру тәртібі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің мемлекеттік сатып алу веб-порталымен интеграцияланған дерекқорына енгізілген отандық тауар өндірушілерден сатып алу туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын (бұдан әрі – Қағидалар);

Қағидаларға 1-қосымшаға осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 5-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 6-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 7-қосымша осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 8-қосымша осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 9-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік сатып алу
есептілігін жинау, қорыту және
талдау қағидаларына, оның
ішінде мемлекеттік сатып алу
есептілігін қалыптастыру
тәртібіне
9-қосымша

Нысан

";

Қағидаларға 10-қосымша осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 11-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік сатып алу
есептілігін жинау, қорыту және
талдау қағидаларына, оның
ішінде мемлекеттік сатып алу
есептілігін қалыптастыру
тәртібіне
11-қосымша

Нысан

";

Қағидаларға 12-қосымша осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 13-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік сатып алу
есептілігін жинау, қорыту және
талдау қағидаларына, оның
ішінде мемлекеттік сатып алу
есептілігін қалыптастыру
тәртібіне
13-қосымша

Нысан

";

Қағидаларға 14-қосымша осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 15-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік сатып алу
есептілігін жинау, қорыту және
талдау қағидаларына, оның
ішінде мемлекеттік сатып алу
есептілігін қалыптастыру
тәртібіне
15-қосымша

Нысан

";

Қағидаларға 16-қосымша осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 17-қосымша осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 18-қосымша осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 19-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік сатып алу
есептілігін жинау, қорыту және
талдау қағидаларына, оның
ішінде мемлекеттік сатып алу
есептілігін қалыптастыру
тәртібіне
19-қосымша

Нысан

";

Қағидаларға 20-қосымша осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 21-қосымша осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 22-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік сатып алу
есептілігін жинау, қорыту және
талдау қағидаларына, оның
ішінде мемлекеттік сатып алу
есептілігін қалыптастыру
тәртібіне
22-қосымша

Нысан

";

Қағидаларға 23-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік сатып алу
есептілігін жинау, қорыту және
талдау қағидаларына, оның
ішінде мемлекеттік сатып алу
есептілігін қалыптастыру
тәртібіне
23-қосымша

Нысан

".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Қаржы министрі* *Е. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2022 жылғы 1 ақпандағы
№ 112 Бұйрыққа
1-қосымша

**Мемлекеттік сатып алу есептілігін жинау, қорыту және талдау қағидалары, оның ішінде мемлекеттік сатып алу есептілігін қалыптастыру тәртібі 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік сатып алу есептілігін жинау, қорыту және талдау қағидалары, оның ішінде мемлекеттік сатып алу есептілігін қалыптастыру тәртібі (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік сатып алу есептілігін жинау, қорыту және талдау тәртібін, оның ішінде мемлекеттік сатып алу есептілігін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталы – мемлекеттік сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі;

2) мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мемлекеттік сатып алу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері – әлеуетті өнім беруші, өнім беруші, тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор, уәкілетті орган, сарапшы;

4) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі мемлекет болып табылатын заңды тұлға.

**2-тарау. Мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша есептілікті жинау және қорыту, оның ішінде мемлекеттік сатып алу есептілігін қалыптастыру тәртібі**

4. Өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы есептер және сатып алу көлемдері туралы ақпарат мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты режимде күн сайын мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері ұсынатын мәліметтер негізінде қалыптастырылады.

5. Мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері ұсынатын мәліметтерді осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23-қосымшаларға сәйкес жиынтық есептілік түрінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы автоматты түрде қорытады.

## 3-тарау. Мемлекеттік сатып алу есептілігін талдау

6. Есептілікті талдауды мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жиынтық есептілік негізінде уәкілетті орган жүзеге асырады және:

ұсынылған есептік деректерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көрсетілген жоспарланып отырған мемлекеттік сатып алумен салыстыруды;

сатып алу көлемі туралы ақпаратты мемлекеттік сатып алу туралы шарттардағы мәліметтермен салыстыруды қамтиды.

7. Уәкілетті орган, одан әрі мүдделі органдарға ұсыну мақсатында жинау, қорыту және талдау жолымен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы есептердің және сатып алу көлемдері туралы ақпараттың жиынтық деректерін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2022 жылғы 1 ақпандағы
№ 112 Бұйрыққа
2-қосымша
Мемлекеттік сатып алу
есептілігін жинау, қорыту және
талдау қағидаларына, оның
ішінде мемлекеттік сатып алу
есептілігін қалыптастыру
тәртібіне
1-қосымша

Нысан

**___ бастап _____ аралығында өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп _______________________________________________ ___________ (тапсырыс берушінің атауы)**

| Сатып алу тәсілі | Жол коды | Саны | | | | | | | | Сатып алуға бөлінген сома (теңге) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өткізілген сатып алу | жеңімпаз өнім берушілер | оның ішінде жеңімпаз - өнім берушілер: | | | | | | |
| | | | | Қазақстан Республикасы | Ресей Федерациясы | Беларусь Республикасы | Қырғыз Республикасы | Армения Республикасы | басқа да шет елдер | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| БАРЛЫҒЫ | 1 | | | | | | | | | |
| Конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу. Барлығы | 2 | | | | | | | | | |
| оның ішінде ашық конкурс | 3 | | | | | | | | | |
| оның ішінде екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс | 4 | | | | | | | | | |
| оның ішінде біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс | 5 | | | | | | | | | |
| оның ішінде негіздемелік келісімдер пайдаланылатын конкурс | 6 | | | | | | | | | |
| оның ішінде рейтингтік-балдық жүйе пайдала | 7 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| нылатын конкурс | | | | | | | | | | |
| оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс | 8 | | | | | | | | | |
| Аукцион тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу | 9 | | | | | | | | | |
| Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу | 10 | | | | | | | | | |
| Бір көзден алу тәсілімен | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| өткізілген мемлекеттік сатып алу. Барлығы | 11 | | | | | | | | | |
| оның ішінде өтпеді деп танылған конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша | 12 | | | | | | | | | |
| оның ішінде өтпеді деп танылған аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша | 13 | | | | | | | | | |
| оның ішінде өтпеді деп танылған баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып | 14 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| алу бойынша | | | | | | | | | | |
| Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу. Барлығы | 15 | | | | | | | | | |
| оның ішінде табиғи монополия салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтауды сатып алу немесе электр энергиясын кепілдендірген жеткізушімен қоса электр энергиясын сатып алу-сату | 16 | | | | | | | | | |
| оның ішінде | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалар, тарифтер бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 17 | | | | | | | | | |
| оның ішінде сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетіл | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| етін қызметтерді, сондай-ақ осы жоба алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеген тұлғадан жоба алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы түзету жөніндегі жұмыстарды сатып алу жағдайларында | 18 | | | | | | | | | |
| оның ішінде еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындауы салдарынан, оның ішінде төтенше жағдайлардың салдарл | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| арын оқшаулау және (немесе) жою үшін, Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған, жануарлардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантинді объектілерді, бөтен текті түрлерді оқшаулау және (немесе) жою үшін, карантиндік аймақтарда және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша қолайсыз пунктте | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| рде, карантинді объектілердің таралу ошақтарында іс-шаралар, шұғыл фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы аварияларды жою | 19 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| үшін және жедел медициналық араласу қажеттілігі үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың тасымал жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде саяси, экономикалық және әлеумет | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| тік тұрақтылыққа, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туындаған жағдайларда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражат есебінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 20 | | | | | | | | | |
| оның ішінде нарыққа реттеушілік әсер ету үшін мемлекеттік материалдық резервке тауарлар сатып алу | 21 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 22 | | | | | | | | | |
| оның ішінде жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметін, тергеу әрекеттерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жүзеге асыруға уәкілетті к берілген органдардың, | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| сондай-а қ өздеріне қатысты ұлттық қауіпсіз дік органда ры Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың және дауыс беретін акцияларының жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың сатып алу жағдайларында | 23 | | | | | | | | | |
| оның ішінде терроризмнің, экстремизмнің | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| алдын алу, жолын кесу және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдардың сатып алуы жағдайларында | 24 | | | | | | | | | |
| оның ішінде халықаралық рейтингтік агенттіктердің көрсетілетін | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қызметтерін, қаржылық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 25 | | | | | | | | | |
| оның ішінде зағип және көзі нашар көретін азаматтар үшін мамандандырылған кітапханалардың көрсетілетін қызметтерін сатып алу жағдайларында | 26 | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасының сайлау және республикалық референдум туралы заңнамасында көзделген тауарларды, | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| жұмыст арды, көрсетіл етін қызметт ерді Қазақста н Республ икасын ы ң Үкіметі бекіткен тізбе бойынш а сатып а л у жағдайл арында | 27 | | | | | | | | | |
| о н ы ң ішінде мемлеке т т і к ж ә н е ведомст волық награда ларды ж ә н е олардың құжатта р ы н , Қазақста н Республ икасы Парламе н т і депутат ының омырауғ а тағатын белгісін ж ә н е о н ы ң құжатын , мемлеке т т і к сенім таңбала р ы н , Қазақста | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| н Республикасы азаматтарының паспорттарын (оның ішінде қызметтік және дипломатиялық), жеке куәліктерін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді дайындау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі | 28 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| бекіткен тізбе бойынша , Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнім берушілерден арнайы дәрежеде қорғауды талап ететін баспа өнімдерін сатып алу жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыст | 29 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| арды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметі қайырымдылық және халықаралық сипаттағы шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар өтеусіз негізде Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін грант ақшаларын, | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| сондай-ақ оларды беру туралы келісімдерде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың өзге рәсімдері көзделген жағдайларда, осы гранттарды қоса қаржыландыруға бөлінетін ақшаны пайдаланумен байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 30 | | | | | | | | | |
| оның ішінде жұмыскерлерді шетелде даярлау, | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 31 | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелде емдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ оларды тасымалдау және олармен бірге еріп жүру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 32 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| оның ішінде адвокаттардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақы төлеуден босатылған адамдарға көрсететін қызметтерін сатып алу жағдайларында | 33 | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің, олардың атынан әрекет ететін тапсырыс берушілердің оқшауланған бөлімшелерінің шет мемлекеттің аумағын | 34 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| да өз қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ бітімгершілік операциялар мақсаттары үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде өкілдік ету шығыстарына байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 35 | | | | | | | | | |
| оның ішінде қағаз және ( немесе) электрондық жеткізгіштердегі | 36 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мерзімді баспасөз басылымдарын сатып алу жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде халықаралық және (немесе) шетелдік ақпараттық ұйымдардың ақпарат ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерін сатып алу жағдайында | 37 | | | | | | | | | |
| оның ішінде мемлекеттік органның тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, шаруашылық серіктестіктерден және өздеріне қатысты басқаруды Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын, тиісті өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президе | 38 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| нтінің жарлықтарында белгіленген мемлекеттік кәсіпорындардан сатып алуы жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдендірілген көлемінде көзделген арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер мен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді бағалау және қажеттілікті айқындау бойынша көрсетілетін қызметтерді | 39 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| сатып алу жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен көлемін, сондай-ақ осындай тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызмет | 40 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ер сатып алынатын қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелері мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді | | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органның | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| тауарлар д ы , жұмыст арды, көрсетіл етін қызметт ерді Қазақста н Республ икасын ы ң мемлеке ттік мүлік туралы заңнама сына сәйкес өзі басқару д ы жүзеге асыраты н мемлеке ттік кәсіпор ындарда н осындай мемлеке ттік кәсіпор ындар қызметі нің негізгі нысанас ы бойынш а сатып алуы жағдайл арында | 41 | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақста н Республ икасын ы ң Президе | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| нтін, өзге де күзетілетін адамдарды және күзетілетін адамдардың болуына арналған объектілерді күзетуді және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (оның ішінде қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу) үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің бейнеархивін қалыптастыру және ақпаратт | 42 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ы қ қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің және өзге де күзетілетін адамдардың қызметін қамтамасыз ету үшін, Қазақстан Республикасының Президенті мен өзге де күзетілетін адамдарға қызмет көрсетуге арналған мемлекеттік резиденцияларды , | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| автокөлік құралдары мен әуе кемелерін күтіп-ұстау, оларға қызмет көрсету және олардың жұмыс істеуі үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті мен өзге де күзетілетін адамдардың қатысуымен іс-шаралар | 43 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| өткізу үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган не оның ведомствосы оған қатысты Қазақстан Республикасының мемлеке | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жағдайларында | 44 | | | | | | | | | |
| оның ішінде талқылаулар перспек | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| тиваларын бағалау, төрелікте, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ дауларды төрелікте (сотта) реттегенге дейінгі процесте мемлекеттің не тапсырыс берушілердің мүдделерін қорғау және білдіру жөніндегі консультациялық және заңдық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 45 | | | | | | | | | |
| оның ішінде | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 46 | | | | | | | | | |
| оның ішінде статистикалық байқау деректерін өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 47 | | | | | | | | | |
| оның ішінде сауда-саттықта (аукциондарда) өткізілетін мүлікті (активтерді) сатып | 48 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| алу жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде ғарышкерлерді даярлау және ғарышкерлердің ғарышқа ұшуын жүзеге асыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 49 | | | | | | | | | |
| оның ішінде мамандандырылған авиажөндеу кәсіпорындарында авиациялық техниканы жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында | 50 | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| оның ішінде аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары, егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларды | 51 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| сатып алуы жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде оқушыларды, студенттерді, аспиранттарды шығармашылық сайыстарға (конкурстарға, олимпиадаларға, фестивальдарға, ойындарға), көрмелерге, конференцияларға, форумдарға, шеберлік сыныптарына, тағылымдамаларға қатысу, оқу-практикалық тапсырмаларды орындау үшін жіберуге байланысты көрсетілетін қызметтерді көрсетіл | 52 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ген іс-шаралар өтетін жерге бару және кері қайту жолын, тұрғын үй-жай жалдауды , көліктік қызмет көрсетуді, тамақпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, сатып алу жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде мемлекеттік музей, кітапхана, архив қорларын, кино-, фотоқорын және өзге де осыған ұқсас қорларды толықтыруға арналған тарихи, көркемдік немесе өзге де | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мәдени маңызы бар мәдени құндылықтар болып табылатын тауарларды, оның ішінде мұражай заттары мен мұражай коллекцияларын, сондай-ақ көшірмелерін қоса алғанда, сирек кездесетін және құнды басылымдарды, қолжазбаларды, архив құжаттарын сатып алу жағдайларында | 53 | | | | | | | | | |
| оның ішінде көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысқаны үшін ақы төлеу жағдайларында | 54 | | | | | | | | | |
| оның ішінде мәдениет ұйымының, мәдениет саласындағы білім беру ұйымының, телерадио хабарларын тарату ұйымының өнер туындыларын сахнада көрсетуді, көпшілік алдында орындаумен көрсетуді және | 55 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мәдени құндылықтарды көрсетуді жүзеге асыру үшін тауарлармен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жағдайларында | | | | | | | | | | |
| оның ішінде хайуанаттар паркіне, театрға, кинотеатрға, концертке, циркке, мұражайға, көрмеге және спорттық іс-шараға баруға тапсырысты орналастыру жағдайларында | 56 | | | | | | | | | |
| оның ішінде тиісті авторлардың күрделі құрылыс объектілерінің жобалау құжатта | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| масын әзірлеуді авторлық қадағалау, күрделі құрылыс объектілерінің құрылысын, оларды реконструкциялау мен күрделі жөндеуді авторлық қадағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жағдайларында | 57 | | | | | | | | | |
| оның ішінде егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайты | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| н мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге | 58 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады | | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық және құрама спорт командаларының қатысуы және (немесе) даярлығы үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық және құрама спорт командаларыны | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ң олимпиадалық, паралимпиадалық , сурдлимпиадалық ойындарға және дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен күнтізбелік жоспар негізінде басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысуы үшін қажетті спорттық мүкәммалды және жабдықтарды ( жарақтарды), спорт керек-жарақтарын сатып алу жағдайларында | 59 | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| оның ішінде ұлттық қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін, сондай-ақ құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін байланыс қызметтерін сатып алу жағдайларында | 60 | | | | | | | | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актімен айқындалған тұрғын емес мақсаттағы үйді, құрылысты, ғиматарты, үй-жайды сатып алу, сондай-ақ тұрғын | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| емес мақсаттағы үйді, құрылысты, ғимаратты, үй-жайды жалдау, тұрғын емес мақсаттағы жалданатын үйді, құрылысты, ғимаратты, үй-жайды техникалық күтіп-ұстау, күзету және оған қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, егер тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген, тұрғын емес | 61 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
